

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2020 жылғы 17 қыркүйек

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. ӘШІМБАЕВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті депутаттар және отырысқа қатысушылар! Сенаттың кезекті отырысын бастайық. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қажетті кворум бар. Сенаттың отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті депутаттар, алдымен күн тәртібін бекітіп алайық. Күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса, күн тәртібін дауысқа қоямыз. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі бірінші мәселе «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын екінші оқылымда қарау жөнінде.

Бұл мәселе бойынша сөз Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аймақтарды дамыту комитетінің мүшесі Нұралиев Әбдәлі Токбергелұлына беріледі.

НҰРАЛИЕВ Ә.Т. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Қаралып отырған заң жобасының негізгі мақсаты туризм объектілерін, ерекше маңызы бар құрылыстарды салу және олардың жұмыс істеуі үшін бұрын шығарылған, алайда мақсаты бойынша пайдаланылмаған жерлерді ерекше қорғалатын табиғи аумақтар құрамына қайтару рәсімін оңайлату болып табылады.

Заң жобасында Жер кодексіне және «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп отыр.

Заң жобасы 10 қыркүйекте Сенат отырысында бірінші оқылымда мақұлданды.

15 қыркүйекте комитеттің кеңейтілген отырысы өткізілді.

Заң жобасы бойынша Сенаттың тұрақты комитеттері мен депутаттарынан ұсыныстар келіп түскен жоқ.

Құрметті Төраға, құрметті әріптестер! Баяндалғандарды ескере келе, Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті Қазақстан

Республикасы Конституциясының 61-бабы 4-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қабылдауды ұсынады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, заң жобасы бірінші оқылымда жан-жақты талқыланды. Тағы да талқылаудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса, шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қабылдау жөніндегі Сенат қаулысының жобасы сіздерде бар. Сол қаулыны дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң қабылданды.

Құрметті әріптестер! Мемлекет басшысы өз Жолдауында қоршаған ортаны қорғау және экологиялық даму еліміз үшін алдыңғы кезекте тұрған маңызды мәселе екенін атап өтті. Жолдауда ұлттық саябақтар мен басқа да табиғат байлықтарын заңдық жағынан қорғау қажеттілігіне баса мән берілді.

Осы ретте бүгін қабылданған заң қоршаған ортаны қорғау аясындағы бірқатар маңызды мәселені оң шешуге мүмкіндік береді. Оның ішінде Іле Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің жеріне қатысты мәселелер де бар.

Бұл жөнінде Мемлекет басшысының нақты тапсырма бергені белгілі. Бүгін көпшілікті алаңдатқан осы мәселе де заң аясында шешімін тауып отыр. Сондықтан осы заң ел игілігіне қызмет етеді деп сенеміз.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті сенаторлар! Келесі мәселе «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын екінші оқылымда қарау жөнінде.

Слово предоставляется члену Комитета по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам Лукину Андрею Ивановичу.

ЛУКИН А.И. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Законопроект «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам противодействия коррупции» разработан в соответствии с Планом законопроектных работ Правительства Республики Казахстан на 2019 год.

Данный законопроект концептуально одобрен Сенатом в первом чтении 25 июня текущего года.

Основной задачей законопроекта является введение дополнительных мер по системному предупреждению коррупционных проявлений, в частности:

устанавливается запрет на дарение государственным служащим подарков любой стоимости;

предлагается отнести к субъектам коррупции должностных лиц, занимающих не ниже руководителя самостоятельного структурного подразделения, а также лиц, занимающихся закупками в квазигосударственном секторе;

вводится запрет на принятие материального вознаграждения, подарков или услуг членами семей лиц, принимающих на себя антикоррупционные ограничения;

предусматривается ввести институт антикоррупционных комплаенс-служб, ответственных за соблюдение корпоративных стандартов добропорядочности в организациях квазигосударственного сектора;

предлагаются поправки, связанные с преобразованием Национального бюро по противодействию коррупции в Агентство Республики Казахстан по противодействию коррупции.

В целом законопроектом предусматривается внесение изменений и дополнений в 4 кодекса и 10 законов.

В ходе обсуждения законопроекта во втором чтении в Сенате возникла необходимость внесения изменений в одобренный Мажилисом законопроект.

Так, предлагается внести изменения в статью 412-1 «Провокация преступления» Уголовного кодекса, согласно которой под провокацией преступления понимаются незаконные действия должностного лица, осуществляющего оперативно-розыскную деятельность или досудебное расследование, склонившие лицо к совершению преступления с целью последующего изобличения и привлечения к уголовной ответственности или шантажа.

Кроме того, в соответствии с требованиями части 2-1 статьи 1 Кодекса Республики Казахстан об административных правонарушениях, введенной в действие с 1 июля 2020 года, внесение изменений и (или) дополнений в кодекс осуществляется законом, не предусматривающим внесения изменений и дополнений в другие законодательные акты Республики Казахстан. В этой связи необходимо исключить поправки в кодекс из законопроекта.

По законопроекту проведено заседание соответствующей рабочей группы с заинтересованными государственными органами, где были обсуждены вышеуказанные поправки. Все замечания и предложения депутатов сведены в сравнительную таблицу.

С учетом изложенного Комитет по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам, руководствуясь подпунктами 1), 7) статьи 29 Закона Республики Казахстан «О комитетах и комиссиях Парламента Республики Казахстан», вносит на рассмотрение заседания Сената и в соответствии с пунктом 5 статьи 61 Конституции Республики Казахстан рекомендует направить в Мажилис Парламента изменения в проект Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам противодействия коррупции».

Доклад окончен. Благодарю за внимание.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Бұл заң жобасы өткен сессиядағы Палата отырысында бірінші оқылымда қаралып, жан-жақты талқыланды. Тағы талқылаудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса, салыстырма кестені қараймыз.

Кестеге үш түзету енгізілген. Бас комитет бұл түзетулерді қабылдауды ұсынып отыр.

Құрметті әріптестер, бас комитеттің ұсыныстарын қолдайсыздар ма?

ОРНЫНАН. Қолдаймыз.

ТӨРАҒА. Онда салыстырма кестеге енгізілген түзетулерді бас комитеттің ұсыныстарымен тұтастай дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң жобасына Сенат енгізген түзетулер қабылданды.

Енді Мәжіліс мақұлдаған қалған баптарды дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Мәжіліс мақұлдаған баптар қабылданды.

Енді Сенат енгізген түзетулерді Мәжіліске жіберу туралы қаулыны дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Шешім қабылданды. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы бойынша Сенат енгізген түзетулер Мәжіліске жіберіледі.

Құрметті әріптестер! Сыбайлас жемқорлықпен күресті күшейту мемлекеттік басқару жүйесіндегі негізгі басымдықтардың бірі екені белгілі.

Бұл мәселеге Мемлекет басшысы үнемі баса мән беріп келеді. Президентіміздің Жолдауында да нақты тапсырмалар берілді. Сондықтан қазіргі таңда тиісті заң жобасына жүйелі түрде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мәселелері бойынша қосымша шаралар енгізіліп жатыр. Соның аясында осы бағыттағы жұмыстар жанданып, жетіле түседі деп сенеміз.

Бұл заң жобасы бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар! Күн тәртібіндегі мәселелер толық қаралды, енді депутаттық сауалдарға көшейік. Депутаттық сауалдар бар ма?

Сөз депутат Құл-Мұхаммед Мұхтар Абрарұлына беріледі.

ҚҰЛ-МҰХАММЕД М.А. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Біздің депутаттық сауал Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне арналады.

Өздеріңізге мәлім, кейінгі жылдары білім саласын дамытуға, компьютерлер алуға, интерактивті тақталарға, мектептерді интернетке қосуға, электронды оқу жүйесін енгізуге көптеген қаражат бөлінді.

Талай министрлердің дәл осы залға келіп, орасан зор жұмыс атқарылғаны туралы ұзын сонар баяндауларына қарамастан пандемия жағдайында бұл салада қордаланған мәселелердің әлі көп екендігі анықталды.

Бұл туралы ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өз Жолдауында мейлінше ашық, айқын айтып берді, әсіресе бірыңғай білім беру платформасын ұйымдастыру мәселесі жөнінде.

Білім саласындағы жүйелі проблемалар тек пандемия жағдайында ғана қалыптасқан жоқ. Ол жылдар бойы қордаланды және ол бүгінде миллиондаған ата-ананы, ұстаздар қауымын, қалың жұртшылықтың үлкен алаңдаушылығын туғызып отыр.

Депутаттық сауал мейлінше жан-жақты жасалды. Ол сауалда бұл аталған проблемалардың себептері мен салдарлары және оларды шешудің жолдары анық көрсетілген. Оларды шартты түрде төрт топқа жіктеуге болады.

Осыған орай біз Үкімет басшысынан мына сұрақтарға жауап беруді өтінеміз:

1. Мемлекет басшысының бірыңғай білім беру онлайн платформасын құру туралы тапсырмасы қандай мерзімде іске асырылады? Әрбір мүдделі мемлекеттік органның, атап айтар болсақ, Білім және ғылым министрлігінің, Денсаулық сақтау министрлігінің, Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің жұмыстарын үйлестіру мен олардың өзара іс-қимылы нақты айқындалды ма? Процесті жылдамдатуға техникалық мүмкіндіктер бар ма? Бірыңғай білім беру онлайн платформасын құру үшін бюджеттен қосымша шығындар қарастырылған ба?

2. Қашықтықтан оқыту шеңберінде азаматтардың тегін орта білім алуына конституциялық кепілдіктер қамтамасыз етілген бе? Қашықтықтан оқыту барысында келтірілген қосымша шығындарды өтеу сіздердің жұмыс жоспарларыңызда бар ма?

3. Ұзақ мерзімді қашықтықтан оқытудың салдарынан білім беру деңгейінің төмендеуімен байланысты алдағы уақытта қандай шаралар атқарылу көзделген?

4. Әртүрлі әлеуметтік топтардағы білім алушылардың арасындағы білім беру деңгейінің алшақтықтығын азайту бойынша Үкіметтің жұмыс жоспары қандай?

Бұл аталған проблемалардың барлығы республиканың әрбір отбасын алаңдатып отыр десек артық айтқандық болмайды. Өйткені әрбір отбасында кемінде бір-екі бала мектепке барады, я болмаса оның жұмысын үйінде ата-анасымен бірге әжелері мен аталары да қадағалап отырады және мектептің өзінде миллиондаған біздің балаларымыз білім алуда. Сондықтан біз бұл проблеманы жалпы халықтық, бүкіл ұлттық проблемалар деп есептейміз және осы аталған мәселелерді белгіленген тәртіппен қарап, тиісті шараларды қабылдау реті бойынша белгіленген мерзімде жауап беруді сұраймыз.

Сауалға қол қойғандар: Сенат Төрағасының Орынбасары Шәкіров және сенатор Құл-Мұхаммед. Рақмет.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Жүсіп Нұртөре Байтілесұлына беріледі.

ЖҮСІП Н.Б. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Депутаттық сауалымыз Үкімет басшысына арналады.

«Құрметті Асқар Ұзақбайұлы! Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев жақында ғана жасаған Жолдауында «Ұлттың жаңа болмысы» деген мәселеге ерекше тоқталды. Мемлекет басшысы «Қазіргі міндет – халқымыздың жаңа болмысын қалыптастыру, тұтас ұлт сапасын арттыру. Ұлтымыз жаңа сапаға көшуі үшін біздің күнделікті өмірлік ұстанымдарымыз да өзгеруі керек. Қазақ қоғамында жаңа қағидаттар және жаңа бағдарлар салтанат құруға тиіс. Біріншіден, жиырма бірінші ғасырдың ұрпағы терең білімді болғаны жөн», - деп атап көрсетті.

«XXI ғасырдың ұрпағы терең білімді болғаны жөн» деген қағиданы бәріміз қолдаймыз. Бірақ қазір жұрт кітап оқудан қалып бара жатыр. Кітап оқымаған адам қалай білімді болады? Кітап оқымайтын қоғам қалай рухани кемелденбек?

Кезінде Сократ, Платон, Сенека, Дидро, біздің Әл-Фараби, Абай сияқты данышпандар адамның рухани кемелденуіне кітап оқудың қандай пайдасы бар екенін айтып кеткен.

Қазір тек Қазақстанда ғана емес, бүкіл әлемде кітап оқу үрдісі дағдарысқа тап болды. Соның салдарынан «вторичная неграмотность» деген ұғым пайда болып отыр.

Халықаралық зерттеулердің қорытындысы Қазақстандағы мектеп оқушылары мен ересектердің білім сапасы сын көтермейтінін айғақтайды.

Оқымаған адам – ойсыз болады, мәдениетсіз адам – мисыз болады.

Ойсыздар мен мисыздарды көбейткеннен еш мемлекет опа таппайды!

Ұлттың интеллектуалдық потенциалын арттыру, бәсекелестік қабілетін күшейту, әлеуметтік және шығармашылық белсенділігін арттыру ісінде кітап оқу өте маңызды.

Интернет, фейсбук, инстаграм, телевидение, радио арқылы алынған ақпараттар толыққанды білім негізін құрай алмайды. Сол себептен де әлемнің көптеген елінде кітап оқу ісіне мемлекеттік және қоғамдық қолдау көрсетіліп жатыр. Осы бағытта ұлттық бағдарламалар қабылданып, отбасылық және балалар оқуына айрықша көңіл бөлініп отыр.

Алысқа бармай-ақ көрші Ресейде де Ресей Президентінің Жарлығы шыққан, одан кейін арнайы тұжырымдама қабылданған. Ресей Федерациясының әр субъектінде осындай мазмұндағы арнайы бағдарламалар қабылданғанын айтқымыз келеді. Осындай бағыт-бағдарлама бізде неге жоқ?

Қазақстан Президенті еліміздің интеллектуалды потенциалын дамыту, адамдық ресурстардың сапасын, яғни халықаралық деңгейде бәсекеге төтеп бере алатын жастарды қалыптастыру міндетін алға қойып отыр. Осыған орай Қазақстанда әкімшілік құрылымдар мен кітапхана қызметіне, мәдени-ағарту мекемелері мен қоғамдық ұйымдарға бағытталған ұлттық бағдарлама қабылдау керек деп есептейміз. Онда:

әлеуметтік маңызы бар кітаптарды сапалы тұрғыда жақсарту;

кітап саудасының прогрессивті формаларын енгізу;

кітап оқуға ынталандыру үшін грант-конкурстық жүйе енгізу;

білім беру құрылымдарының әлеуметтік әріптестігін дамыту;

азаматтардың ғылыми, әлеуметтік, техникалық, көркем шығармашылық қабілеттерін дамыту;

кітапханалар қорын қағаз және электронды басылымдармен толықтыру;

аудиовизуалды және мультимедиялық материалдарды көбейту;

түрлі әдеби конкурстар мен байқаулар өткізу;
кітап басу және кітап саудасы мамандарын даярлау;
ұлттың интеллектуалдық және адами әлеуетін арттыру шаралары қарастырылуы қажет деп есептейміз.

Кітап оқу мен оны дамытудың ұлттық бағдарламасында отбасы тәрбиесінде отбасылық кітап оқу дәстүрін жаңғырту ісіне баса көңіл бөлген дұрыс.

Кітап оқуды қолдау және дамыту – жалпыұлттық міндет болуы тиіс. Бұған мемлекет те, қоғам да бірінші кезекте мүдделі болмайынша алға өрлей алмаймыз.

Ұлттың жаңа болмысын білімді, көзі ашық, парасатты, іскер, қайратты қазақ жастары қалыптастырады. Осыны есте ұстау керек.

Құрметпен, депутаттар Жүсіп, Қапбарова, Нұхұлы».

ТӨРАҒА. Сөз депутат Сүлеймен Ләззат Жаңылысқызына беріледі.

СҮЛЕЙМЕН Л.Ж. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Депутаттық сауал Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Төрағасы Қайрат Нематұлы Келімбетовке жолданады.

«Құрметті Қайрат Нематұлы! 1 қыркүйекте ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев отбасылық демографиялық жағдай айрықша алаңдатушылық тудырып отырғанын айтты.

Демографиялық факторлар мемлекеттің экономикалық және әлеуметтік дамуының келешектегі өзгерістерінің себеп-салдары болып табылады.

Ұлттық деңгейде де, адами деңгейде де адами капиталдың саны мен сапасын бағалау – заманауи мемлекеттік басқарудың маңызды элементі. Соңғы онжылдықта Қазақстан халқының саны 2 миллион 400 мың адамға немесе 15,1 пайызға өсті, негізінен ол табиғи өсім инерциясымен және мемлекеттің әлеуметтік саясаты бағытының дұрыстығымен қамтамасыз етілді.

Бұл тенденция 2024 – 2025 жылдарға дейін сақталады, содан кейін бала тууға әлеуетті әйелдер санының азаюына байланысты кері коэффициент көрсетеді. 2035 жылдан өсім қайта көбейетін болады.

БҰҰ-ның халықтың қоныстануы жөніндегі қорының зерттеуіне сәйкес қазіргі қалыптасқан табиғи өсім режимі сақталған жағдайда Қазақстан халқы шамамен екі ұрпақ ішінде 23 пайызға ұлғаяды. Бұл 4 миллион 200 мың қазақстандық азаматты құрайтын айтарлықтай әлеует. Яғни экономикалық белсенді халық саны 2050 жылға дейін 1,3 есе өсіп, 15,3 миллион адамға жетеді.

Қазақстан халқы өмір жасының құрылымы қазіргі уақытта трансформациялануда. Алдағы 30 жылда бұл үрдіс жалғасатын болады, үлкен жастағы адамдардың алдағы 10 жылдағы орташа есеппен саны 4-5 пайызға өседі. Осыған қарамастан, орташа алғанда, Қазақстан халқы жағынан жас мемлекет болып қала береді.

Халықтың жас құрамындағы өзгерістердің салдары көптеген факторларға әсер етеді және бұл трансформация еліміздің барлық даму жоспарларында ескерілуі қажет деп есептеймін.

Асыраудағы балалар мен зейнеткерлік жастағы адамдардың үлесі артып келе жатқан елде оларды қамтамасыз етуге бағытталған ресурстар өсіп, ал дамуға бағытталған инвестицияларды еңсеруге тиіс адам ресурсының азаюы экономикалық өсуді тежеуге әкелуі мүмкін.

Оның үстіне қазіргі уақытта ел экономикасы 1990 жылы туылған аз ұрпақтың жұмыс жасына енуіне байланысты жағымсыз демографиялық өзгерістер кезеңінде.

Демографиялық өзгерістердің теріс салдарын еңсеруді алдын ала стратегиялық жоспарлау және бұл мақсатқа қол жеткізіп, демографиялық дивиденд алу үшін мемлекет адами капиталына инвестициялардың деңгейі мен оның қайтарымын арттыруға бағытталған сауатты саясат жүргізуі тиіс. Ол үшін ең алдымен азаматтардың, әсіресе жастардың денсаулық, еңбек және репродуктивтік құқықтарын (бұл жерде қыздардың да, ерлердің де репродуктивтік денсаулығына байланысты мәселелер өте көп), әлеуметтік қолдау кепілдіктерін қамтамасыз етуге бағытталған, бала тууды шынайы қолдау саясаты нақты және нәтижелі болуға тиіс.

Екіншіден, халықтың еңбек нарығына тартылуын нақты ұлғайту және жұмыссыздық деңгейін барынша азайту.

Біздің ойымызша, ішкі көші-қон ағындарын реттеу жөніндегі міндет, демографиялық даму, халықтық өсу динамикасын болжау, оны халықтың орнықты дамуымен, репродуктивті денсаулығымен, құқықтарымен, гендерлік теңдікті күшейтумен, отбасы мен халықтың әлсіз топтарын қолдаумен байланысты мәселелерді бірыңғай мемлекеттік демографиялық саясат етіп жүйелеу қажет.

Құрметті Қайрат Нематұлы! Жаңа маңызды лауазымда нәтижелі қызметіңізге тілектестік білдіре отырып, Қазақстан Республикасының демографиялық дамуы немесе демографиялық қауіпсіздік саясатының 2020 – 2030 жылдарға арналған бағдарламасын әзірлеу қажет деп есептеймін.

Осы ұлттық құжатты көзбояушылыққа жол бермей, нәтижені көрсете алатын, сапалы демографиялық және әлеуметтік индикаторлар бойынша өңіраралық айырмашылықтарды ескере отырып әзірлеу орынды болар еді.

Көрші елдерде, мысалы, Ресейде бұл мәселе әлдеқайда ілгері шешілген.

Мемлекет халқының санын ұлғайтудың елеулі резервтері бізде бар. Демографиялық саясат тұжырымдамасын әзірлеу мемлекетімізге трансформациялық өзгерістерден тиісті пайда алуға және тиімді басқаруды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретіні сөзсіз.

Қазір демограф мамандар жоқтың қасы. Ең құрығанда Мемлекеттік басқару академиясының жанында шешім қабылдау деңгейіндегі азаматтар демография негіздерінен білім алғаны дұрыс болар еді.

Осы сауалға «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 27-бабына сәйкес белгіленген мерзімде жазбаша жауап беруіңізді сұраймын.

Сенат депутаты Сүлеймен».

ТӨРАҒА. Сөз депутат Күрішбаев Ақылбек Қажығұлұлына беріледі.

КҮРІШБАЕВ А.Қ. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Мамин мырзаға, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің Төрағасы Годунова ханымға.

«Пандемия және экономикалық дағдарыстың салдарынан елдегі өмір сүру деңгейі төмендеуде. Қазір отбасылық табыстың негізгі бөлігі азық-түлік алуға ғана кетеді. Сондықтан біздің азаматтарымыз үшін азық-түлік бағасын мемлекеттік реттеу, олардың маусымдық қымбаттауын төмендету мәселесі – өмірлік маңызы бар сұраққа айналды.

Ауыл шаруашылығы министрлігінің мәліметі бойынша бұл мақсатқа бюджеттен 30 миллиард теңгеге жуық қаржы бөлінген.

Алғашында бағаны тұрақты ұстап тұру үшін өңірлік әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар ауылшаруашылық өнімдерін тікелей отандық тауар өндірушілерден қажетті көлемде сатып алып, олардың сақталуын қамтамасыз етіп, азық-түлікке баға көтерілген кезеңде нарыққа сатуға шығарып отырды. Қазір кейбір облыстар, әсіресе ірі қалалар сауда субъектілеріне пайызы өте төмен (0,1 пайыз) несие беруге көше бастады. Ал сауда орталықтары өз кезегінде кейбір тауарларды белгілі бір уақыт аралығында бекітілген бағамен сатуға ғана міндеттеледі. Бұл ретте көптеген сұрақтар туындайды.

Біріншіден, сауда орталықтарын таңдау принципі түсініксіз. Неге кейбір таңдаулылар ғана жеңілдетілген несиеге ие болады?

Екіншіден, азық-түлік тауарлары бағасының елеулі құбылуы кезінде оның ең төменгі шегін алдын ала болжау өте қиын, өйткені ауылшаруашылық өнімдерінің бағасы тек маусым бойынша ғана емес, әрбір жылда өзгеріп отырады. Ауа райы қолайлы, өнімді жылдары фермерлік бағалар әдеттегідей төмендейді. Оған қоса азық-түлік тауарларының ағымдағы бағаларын анықтайтын мониторинг жүйесінде де біраз дәлсіздіктер бар. Сондықтан бұл жобада сауда орталықтары үшін алдын ала белгіленген бағалардың дұрыстығы күмән тудырады.

Үшіншіден, тұрақтандыру қорында азық-түліктің көптеген түрлерінің көлемі ең төменгі тұтыну нормаларының 0,01-7 пайызынан аспайды (медициналық немесе нақты тұтыну нормаларын айтпағанда). Мұндай жағдайда нарықты тиімді реттеу мүмкін емес.

Төртіншіден, бұл схемада сауда орталықтары тек отандық ауылшаруашылық тауарларын алуға міндеттелмеген. Басқаша айтқанда, қазақстандық фермерлер өз өнімдерін өткізе алмай жүргенде бюджет қаражаты шетелдік өндірушілерді қаржыландыруға жұмсалуда.

Тұрақтандыру қорының бағаны реттеуге, бюджет қаражатын тиімді пайдалануға деген пәрменділігі де күмән келтіреді, себебі онда сыбайлас жемқорлық көріністері басым. Менің ойымша, бұл мәселемен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі шындап айналысуы керек.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып және осы жұмыстың қоғам үшін ерекше маңыздылығын ескеріп, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының негізгі түрлеріне бағаны тұрақтандырудың тұжырымдамасын түбегейлі өзгерту керек деп санаймын.

Бағаны реттеу жөніндегі мемлекеттік шаралар барлық тұрғындарға пайдалы болуы үшін осы қорға сатып алынатын азық-түлік тауарларының көлемін ұлғайту маңызды. Егер аталған мақсаттарға бюджет қаражатын көбейту мүмкіндігі болмаса ақшаны бұлай

шашпай, тікелей аз қамтылған отбасылар санатын қолдауға көшкен дұрыс. Ол үшін халықтың аз қамтылған топтарына арнап әлеуметтік азық-түлік тауарларынан қор қалыптастыру қажет. Оны ұйымдастыру мен қолдану келесі шарттарға негізделуі тиіс. Азық-түлік тауарларын сатып алуды және оларды сақтау, тасымалдау, өткізу жөніндегі қызметтерді фьючерстік келісімшартпен конкурстық негізде тек отандық тауар өндірушілермен жасау қажет. Бұл мақсаттарға ұзақ және жеңілдетілген бюджеттік несиелерді қарастыру тиімді.

Мұндай тәсіл бюджет қаражатын пайдаланудың тиімділігін арттырып қана қоймай, бірінші кезекте мұқтаж халықтың нақты топтарын атаулы түрде қолдауға мүмкіндік береді.

Құрметпен, депутаттар Күрішбаев, Бектаев, Булавкина, Жұмағазиев, Дүйсембинов, Мусин, Нұралиев».

ТӨРАҒА. Сөз депутат Сұлтанов Ерік Хамзаұлына беріледі.

СҮЛТАНОВ Е.Х. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Біздің сауалымыз Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Маминге жолданады.

«Құрметті Асқар Ұзақбайұлы! Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше 193 мемлекет 2015 жылы тұрақты даму саласындағы жаңа жаһандық бағдарламаны ресми түрде қабылдады. Оның мақсатының бірі – су ресурстары мен санитарияның барлық адам үшін болуы және тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету, ал міндеті – суға қол жеткізу. Бұл мақсат ұлттың денсаулығын сақтау, климаттың өзгеруі және экожүйелерді басқару мәселелерімен тығыз байланысты.

Мемлекет басшысы 2019 жылғы 2 қыркүйектегі Жолдауында еліміздің әр аймағында тұрғындардың таза ауыз суға қол жеткізу деңгейі біркелкі емес екенін атап өтіп, осы теңсіздікті жою үшін жұмысты жандандыруды тапсырды.

Қазақстанда қазіргі уақытта ауыл халқының суға қол жеткізу мәселесінде күрделі проблемалар бар. Бұл дегеніміз 2607 ауылдық елді мекенде тұратын 1,2 миллион адам әлі күнге дейін сапалы ауыз сумен қамтамасыз етілмеген.

2017 жылы бір топ депутат Солтүстік Қазақстан облысын сумен жабдықтау мәселесі бойынша депутаттық сауал жолдаған болатын. Бүгінде облыстағы жағдай тіпті нашарлады.

Бұның басты себебі – бюджеттік бағдарламаның дұрыс бақыланбауы және 2019 – 2020 жылдары бюджеттен бөлінген қаражаттың игерілмеуі, бюджеттің тапсырыс берушісі де, әкімшісі де болып табылатын Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Су ресурстары комитетінің қанағаттанарлықсыз және ешқандай сын көтермейтін қызметі болып табылады.

Нәтижесінде өткен ғасырдың 60-80 жылдары салынған Солтүстік Қазақстан облысының су құбырларының 67 пайызы немесе 1955 шақырым толығымен тозған және топтық су құбырлары жүйесінің ахуалы, техникалық жағдайы төтенше жағдайлардың туындауына алып келіп отыр. Олар Солтүстік Қазақстан және Қостанай облыстарының 200-ден астам ауылдық елді мекенін сумен қамтамасыз етуге қауіп төндіріп отыр.

Магистральдық құбырлардың қатты тозуына байланысты тасымалдау кезінде су шығынының жалпы көлемі 65 пайызды құрайды. Бұл су өндірушілер мен тұтынушылардың үлкен шығындарының бар екенін көрсетеді. Ал ол, тұтастай алғанда, біздің мемлекетіміздің тұщы су сияқты құнды және қалпына келмейтін табиғи ресурстарын сақтау стратегиясына қайшы келеді.

Проблемалық жобалардың бірі Преснов топтық су құбырын қайта қалпына келтіру болып табылады. Оны іске асыру 2014 жылдан бастап жүргізілуде, алайда бұл жобаны биылғы жылы да аяқтау жоспарда жоқ. 2019 жылы жұмыстарды орындау қарқынының төмендігіне байланысты 2,9 миллиард теңге игерілмей, бюджетке қайтарылған болатын. 2020 жылы жобаны жалғастыруға 1,1 миллиард теңге бөлінді, бірақ бұл қаражаттың да игерілмеу қаупі бар.

Осындай жағдай Соколов топтық су құбырын қайта қалпына келтіру кезінде де байқалып отыр. Бұл нысан бойынша да жұмыс жүргізу мерзімі мен кестесі бұзылған. Жобаны іске асыру кезеңінде жоспарланған қаражаттың 7 пайызы ғана игерілген.

Аталғандардың барлығы Мемлекет басшысы тапсырмасының дұрыс орындалмауына және халық денсаулығының нашарлауына әкеп соқтырады.

Құрметті Асқар Ұзақбайұлы! Осы мәселенің әлеуметтік-экономикалық маңыздылығын ескере отырып, Солтүстік Қазақстан облысының ауыл халқын сумен жабдықтау проблемаларын жою бойынша тиімді шаралар қабылдауыңызды және заңнамада белгіленген тәртіппен жазбаша жауап беруіңізді сұраймыз.

Депутаттар Сұлтанов, Әділбеков, Алдашев, Қаниев, Карплюк, Құртаев, Лұқпанов, Мамытбеков, Нұрғалиев, Перепечина, Рысбекова».

ТӨРАҒА. Сөз сенатор Әділбеков Дәурен Зекенұлына беріледі.

ӘДІЛБЕКОВ Д.З. Уважаемые коллеги! Наш депутатский запрос адресован Премьер-Министру Республики Казахстан Мамину Аскару Узакпаевичу, изложен на восьми страницах.

Разрешите мне осветить основные положения и проблемные вопросы развития малого и среднего бизнеса.

Прежде всего это высокие процентные ставки банковских кредитов. Принятая мера государственной помощи малого и среднего бизнеса в виде государственного субсидирования процентных ставок до 6 процентов годовых не сможет обеспечить рост кредитования малого и среднего бизнеса, так как указанная мера ограничивается пострадавшими секторами экономики, а в начале деятельности малому и среднему бизнесу получить льготный кредит невозможно.

Более того, предпринимателям невыгодно брать кредиты, так как по ним не предоставляется отсрочка. Для становления любого бизнеса необходим определенный период времени, а выплаты по кредиту необходимо осуществлять уже через месяц.

По информации главы Ассоциации финансистов Казахстана, в банках обслуживается около 30 тысяч заемщиков из числа малого и среднего бизнеса, из них только 12 тысяч получили в период чрезвычайного положения отсрочку по платежам на

срок три месяца. То есть всего 1 процент действующих субъектов малого и среднего бизнеса получили отсрочку.

На основании вышеизложенного можно сделать вывод о практическом неучастии банковского сектора в кредитовании малого и среднего бизнеса. Частные банки, выдавая льготные кредиты с субсидируемой процентной ставкой, не мотивированы на кредитование малого и среднего бизнеса.

В то же время в каждый кризис бюджетные средства направлялись на спасение частного банковского бизнеса. На эти цели государство направило 7,5 триллиона тенге бюджетных средств.

В связи с вышеизложенным Правительству совместно с Национальным Банком необходимо выработать конструктивные меры по доступности кредитов банков второго уровня для малого и среднего бизнеса, а также следует рассмотреть вопрос о создании государственного финансового сектора, через который будут осуществляться меры государственной поддержки и реализация государственных программ.

Президент в Послании народу Казахстана отметил необходимость совершенствования механизма реализации государственных закупок. Практика реализации государственных закупок свидетельствует о наличии «постоянных победителей», с которыми и заключаются договоры. Так, по данным уполномоченного органа за 2018 год, поставщиков, выигравших конкурсы более пяти раз, было 49 тысяч. То есть группа подрядчиков выигрывает конкурсы и, получая определенный дисконт, передает подрядные работы субподрядчикам, которые потом их некачественно исполняют.

В этой связи рекомендуем Правительству проработать механизм государственных закупок, который бы исключал сговор организаторов и участников, а также усиление ответственности должностных лиц за нарушения процедуры государственных закупок.

Еще одной проблемой является громоздкая налоговая отчетность. Бизнес предоставляет 630 видов отчетности. Безусловно, такая громоздкая система отчетности представляется проблемой для предпринимателей. В связи с этим рекомендуем Правительству проработать соответствующие изменения в налоговое законодательство, рассмотреть возможность уменьшения количества подзаконных актов, сократить и облегчить налоговую отчетность, расчеты налогов сделать простыми и понятными.

Ряд проблем связан с несовершенством земельного законодательства. Согласно действующему законодательству потенциальные инвесторы не имеют информации о наличии свободных земельных участков для реализации новых инвестиционных проектов.

Также в действующем законодательстве отсутствуют нормы, регламентирующие порядок, критерии и обязательные сроки конкурсов на свободные сельхозземельные участки.

Кроме того, в Земельном кодексе не регламентированы нормы в части обжалования необоснованных отказов земельной комиссии.

В этой связи для обеспечения законных прав предпринимателей, а также стимулирования развития малого и среднего бизнеса Правительству необходимо внести соответствующие изменения и дополнения для исключения указанных проблем в земельном законодательстве.

Депутаты комитетта».

ТӨРАҒА. Басқа сауалдар жоқ.

Құрметті әріптестер! Бүгін маңызды заңдарды қарап, нәтижелі жұмыс істедік. Баршаңызға рақмет.

Осымен Сенат отырысын жабық деп жариялаймын. Сау болыңыздар.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТИ
СЕНАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

М. ӘШІМБАЕВ

МАЗМҰНЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ

СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2020 жылғы 17 қыркүйек

Күн тәртібі бойынша

О повестке дня 1

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (екінші оқылым)

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам особо охраняемых природных территорий» (второе чтение)

Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің мүшесі Ә.Т. НҰРАЛИЕВТЫҢ баяндамасы

Доклад члена Комитета по аграрным вопросам, природопользованию и развитию сельских территорий НУРАЛИЕВА А.Т. 1

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (екінші оқылым)

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам противодействия коррупции» (второе чтение)

Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің мүшесі А.И. ЛУКИННІҢ баяндамасы

Доклад члена Комитета по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам ЛУКИНА А.И. 2

Депутат М.А. ҚҰЛ-МҰХАММЕДТІҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі А.Ұ. Маминге депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата КУЛ-МУХАММЕДА М.А. к Премьер-Министру Республики Казахстан Мамину А.У. 4

Депутат Н.Б. ЖҮСІПТІҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі А.Ұ. Маминге депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата ЖУСИПА Н.Б. к Премьер-Министру Республики Казахстан Мамину А.У. 5

Депутат Л.Ж. СҮЛЕЙМЕННІҢ Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалау агенттігінің Төрағасы Қ.Н. Келімбетовке депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата СУЛЕЙМЕН Л.Ж. к Председателю Агентства по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан Келимбетову К.Н. 7

Депутат А.Қ. КҮРІШБАЕВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі А.Ұ. Маминге, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің Төрағасы Н.Н. Годуноваға депутаттық сауалдары

Депутатские запросы депутата КУРИШБАЕВА А.К. к Премьер-Министру Республики Казахстан Мамину А.У., Председателю Счетного комитета по контролю за исполнением республиканского бюджета Годуновой Н.Н. 8

Депутат Е.Х. СҰЛТАНОВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі А.Ұ. Маминге депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата СУЛТАНОВА Е.Х. к Премьер-Министру Республики Казахстан Мамину А.У. 10

Депутат Д.З. ӘДІЛБЕКОВТИҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі А.Ұ. Маминге депутаттық сауалы


Депутатский запрос депутата АДІЛБЕКОВА Д.З. к Премьер-Министру Республики Казахстан Мамину А.У. 11

ШЖҚ-дағы "Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының инженерлік орталығы" РМК директоры



А. Құсайынов

Стенографиялау қызметінің жетекші редакторы



И. Шыныбаева